

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Күзгі орман ғажайыптары

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.12.2025СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/185518/**Сулейменова Жанат Айназаровна**

Түркістан облысы, Түркістан қаласы

«№31 бастауыш мектеп- балабақша» кешені КММ

№5 «Құлпынай» ересек топ

Тәрбиешісі

Мақсаты: Балалардың күз мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Күз мезгілінің ерекшеліктерін атап айту. Ертегі кейіпкерлерімен таныстыру.

Ертеңгілік барысы:

Жүргізуші: Балалар көңіл-күйлерің қалай?

Балалар: Тамаша

Жүргізуші: Қазір балалар жылдың қай мезгілі?

Балалар: Қазір жылдың күз мезгілі

Жүргізуші: Күз мезгілі екенін қайдан білдіңдер?

Балалар: Ауа райынан

Жүргізуші: Ауа райы қазір қандай?

Балалар: Қазір ауа райы салқын

Жүргізуші: Күз мезгілінің айларын атап беріңдерші Балалар: Қыркүйек, қазан, қараша

Жүргізуші: «Күзгі орман ғажайыптары» атты ертеңгілігімізді тамашалаңыздар

Жүргізуші: Құрметті ата-аналар, қонақтар, әріптестер бүгінгі күз мерекесіне арналған ертеңгілігімізді бастаймыз.

Ән: «Топ-топ балақан»

*Жүргізуші: Ендеше ортаға күз ханшайымын шақырайық*

*Күз: Береке бақ дарыған*

*Жомарт көңіл, жарқын күз*

*Сары алтынға малынған.*

*Мен күз ханшайымымын. Сендерді көргеніме көргеніме өте қуаныштымын. Берекемді сыйлауға. Ортаңызға мен келдім.*

*Ертегімді тыңдауға шақырамын сендерді .*

*Жүргізуші: Күзгі орман қандай әдемі. Ол көптеген ғажайыптарды жасыруда. Мен бір дауыс естіп тұрмын.*

*Жүргізуші: Балалар ненің дауысы?*

*Балалар: Жаңбырдың Ән: «Кап-кап-тук тук»*

*Күз: Күндердің күнінде орманда қатты жаңбыр жауады. Сол жаңбырдың астында кішкентай тышқан қалып қалды, кенет ол саңырауқұлақты көріп, астына тығылып қалады.*

*Тышқан: - Недеген нөсер жауын, пи-пи-пи.*

*Саңырауқұлақтың астында отырып, жаңбырдың тоқтағанын күтей. Саңырауқұлақтың астында отырып, жаңбырдың тоқтағанын күтейін.*

*Күз: Жаңбыр болса, бірте-бірте күшейіп тоқтар емес.*

*Сол кезде жасырынатын жер іздеп кіргізі келеді.*

*Кірпі: Саңырауқұлақтың астына мен де, тығылайыншы.*

*Тышқан: Сені қалай кіргіземін, өзім әрең сиып отырмын.*

*Кірпі: -Ештеңе етпес, көңіліміз кең болса, жер тарлығы білінбес.*

*Күз: -Тышқан кірпіні саңырауқұлақтың астына кіргізіп алады.*

*Жаңбыр тіпті қатты жауа бастайды. Осы кезде саңырауқұлақтың қасына ентіге секіріп тиын келеді.*

*Тиын: Кіргізіңдерші мені! Үстімнен су сырғалап ағып тұр!*

*Кірпі, тышқан: -Сені қайда кіргіземіз?*

*Көрмейсің бе өзімізге орын жетпей тұр!*

*Тиын: -Көңіл сиса бәрі сияды.*

*Күз: Солай деді де тиын да саңырауқұлақтың астына тығылады.*

*Алқапқа осы арада ырғып шыққан қоян саңырауқұлақты көріп айқай салады. Қоян!- Құтқарыңдар! Менің артымнан түлкі қуып келе жатыр, қай жерге тығыламын, қай жерге жасырынамын.*

*Кірпі:Тағы да қысылып көрейікші, қоянды аяп кеттім.*

*Күз: Қоян саңырауқұлақтың астына тығылып қалады, сол кезде түлкі де,артынан келеді. Түлкі саңырауқұлаққа жақындап, тұмсұғымен түрткілеп иіскей бастады.*

*Түлкі:Осы жерде қоян тығылып тұрған жоқ па?*

*Барлығы бірге: -жоқ,бұл жерге қалай тығылады, біз өзіміз зорға сыйып отырмыз.*

*Күз:-Түлкі құйрығын әрі-бері бұлғаңдатып күннің көзі жарқырап шығады. Саңырауқұлақтың астындағылар бәрі-қуана-қуана жүгіріп шықты.*

*Тышқан:-Бұл қалай болды?*

*Саңырауқұлақтың асты менің өзіме де тар еді,ал енді бесеумізге де орын табылып,кішкентай жерге сыйып кеттік?*

*Саңырауқұлақ:-Мен сендерге құпияны ашайын.Бұл сендердің мейірімді жүректерің мен бір-біріңе деген қамқорлықтарыңның арқасында болды.*

*Ал мен өзім жауынның көмегімен өстім.*

*Күз:-Күзгі орманның ертегісі ұнады ма балалар!*

*Ендеше мерекеміз жалғасады.*

*Би:«Жапырақтар»*

*Балалар барлығымыз күзгі алқаптағы жапырақтарды жинап алайық. Ойын:«Жапырақтарды жинау»*

*Балалар сендерге ертегі ұнады ма ?*

*Балалар:Ия,ұнады*

*Олай болса ертегі кейіпкерлерімен қоштасайық.*

*Күз:Балалар сендерге күздің сыйын ала келдім. Балалар сау болыңдар.*